

№ 3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасының бракераждық комиссиясының отырысы

Хаттама № 3

Күні: 11.02.2026ж.

Күн тәртібінде:

Дайындалып жатқан тағамның құнарлылығын, дайындау технологиясының сақталуын және әр балаға шаққандағы тамақ мөлшерінің сақталуын бақылау.

Бақылау барысы

1. Тағамның құнарлылығын бақылау:

Дайындалып жатқан тағам бекітілген ас мәзіріне сәйкес. Тағам құрамында балалардың жас ерекшелігіне сай ақуыз, май, көмірсу және дәрумендер мөлшері қарастырылған.

2. Тағам дайындау технологиясының сақталуы:

Тағам белгіленген технологиялық картаға сәйкес дайындалды. Өнімдерді өңдеу пісіру уақыты және температуралық режим талаптарға сай сақталды.

3. Әр балаға шаққандағы тамақ мөлшерінің сақталуы:

Тағамды үлестіру кезінде белгіленген нормалар сақталды. Әр балаға берілетін тағам мөлшері ас мәзірінде көрсетілген грамм нормасына сәйкес болды.

4. Санитарлық талаптардың сақталуы:

Асхана қызметкерлері санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтады. Жұмыс орны, құрал-жабдықтар және ыдыстар таза.

Қорытынды:

Дайындалып жатқан тағамның құнарлылығы, дайындау технологиясы және балаларға берілетін тағам мөлшері белгіленген талаптарға сәйкес сақталуда.

Бракераждық комиссия

1. А.Айсина – балабақша меңгерушісі
2. Б.Молдабаева – балабақша медбикесі
3. И.Кожмагамбетова – әдіскер
4. Г.Ешимова – кәсіподақ төрайымы
5. Г.Сейілхан – ата-аналар комитетінің төрайымы



